

Осы аударма ресми аударма
болып табылмайды

"АСТАНА" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА

3 мамыр 2024 жыл

№: AIFC-C/CA/2024/0002 ic

«ФРИДОМ ФИНАНС» АҚ

Арыз беруші/Талапкер

қарсы

ЕГОР РОМАНЮК

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Мәртебелі Лорд Фолкс КС

БҰЙРЫҚ

Апелляцияға рұқсат алу туралы арыздан бас тартылды.

ШЕШІМ

1. Осы арыз Судья Сэр Руперт Джексонның 2023 жылғы 22 қарашада шығарған шешімін апелляцияға беруге рұқсат алу туралы.
2. Ол Талапкердің пайдасына шығындарды қосқанда 100 000 доллар сомасына шешім шығарды.
3. Талапкер апелляцияға рұқсат алуды сұрайды. Ол Судья 5 000 000 доллар ұйғаруы тиіс болғанын айтып отыр.
4. Бұл Судья шығарған екінші шешім болды. Ол тараптар арасындағы келісімнен (SRCA) және әлеуметтік желілерде Жауапкердің Талапкер мен оның Компаниясына қатысты жағымсыз сөздерінен туындайды.
5. Судья Талапкер сілтеме жасаған жарияланымдарға қатысты қорытынды жасады. Ол SRCA-ның шарттары Талапкердің залалды өндіріп алуына мүмкіндік бермейді деген дәлелдерді қабылдамай тастады. Ол сондай-ақ тиісті хабарламалар келісімнің шарттарына сәйкес жағымсыз сипатта болғанын және осылайша Жауапкер тарапынан бұзушылық анықталғанын мойындады.
6. Судья үшінші мәселе деп атаған нәрсе ғана қалды, атап айтқанда: Талапкердің қандай құқықтық қорғау құралына құқығы бар екендігі. Апелляцияға рұқсат алу туралы арыздың негізінде дәл осы мәселе жатыр.
7. Судья Азаматтық кодекстің 297- және 351-баптарына және алдыңғы шешімдегі өзінің осы ережелерге қатысты ескертулеріне сілтеме жасады.
8. 297-бап Сотқа тұрақсыздық айыбын (айыппұл, баж), егер ол "кредитордың шығындарымен салыстырғанда тым үлкен болса", азайту құқығын береді.
9. Талапкер Судьяның тек 100 000 доллар тағайындауы дұрыс болмады, өйткені, шын мәнінде, залалды дәлелдеу ауыртпалығын Талапкерге жүктеді, ал ол Жауапкерге жүктелуі керек еді дейді. Бұдан кемірек цифрды қолдайтын ешқандай дәлел берілген жоқ және Талапкер Судьяның шешіміне таң қалды және апелляциялық шағымның негізінде қазір баяндалып отырған заңды аргументтерді келтіре алмады делінеді.
10. Талапкер сонымен қатар оның дәлелдері Ресей Федерациясының Азаматтық кодексіне, УНИДРУА қағидаттарына және жалпы Заңның прецеденттеріне сәйкес келеді деп мәлімдейді.

11. Өз шешімінің 6.1–6.10-тармақтарында Судья екі жақтың барлық аргументтерін мұқият қарастырды. Бұған оның екі істен де білгеніне негізделген фактілерді бағалау кірді. Менің пікірімше, ол шешімді бүкіл тиісті ой-пікірлер тұрғысынан қабылдады және қарама-қарсы аргументтерді назарға алды.
12. Сайып келгенде, жоғарыда айтылғандай, оның әрекет ету еркіндігі болды және мен апелляцияның сәтті болуының нақты перспективалары бар деп ойламаймын. (АХҚО сотының 29.6 (1) қағидасы).
13. Мен Талапкер АХҚО сотының 29.6(2) қағидасына сүйенеді деп ойлаймын, өйткені, оның айтуынша, шешім 297-бапты қолдану үшін «бұрыс прецедент» жасайды және бұл апелляцияға рұқсат беру үшін «көз жеткізерлік себеп» болып табылады. Меніңше, Кодексті нақты істің фактілеріне қолдану туралы сөз болып отыр және шешім Соттың басқа мән-жайларда басқа қорытындыға келуіне кедергі келтіруі мүмкін прецедент жасамайды.
14. Бұл мән-жайларда мен апелляцияға рұқсат беруден бас тартамын.

Сот қабылдады,

Мәртебелі Лорд Фолкс КС
Судья, АХҚО соты

Өкілдік:

Талапкер атынан Бақыт Тукулов мырза өкілдік етті, Серіктес, "Tukulov Kassilgov Shaikenov Disputes" ЖШС, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Жауапкер атынан Смбат Алиханян мырза өкілдік етті, "Ассистент Плюс" халықаралық заң фирмасы, Мәскеу қ., Ресей Федерациясы.